



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 013 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 6 маусым

Теңгенің шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу механизмі туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми бағамды белгілеу механизміне өзгеріс енгізеді.

2003 жылғы 9 маусымнан бастап теңгенің шетел валюталарына қатысты ресми бағамы мынадай тәртіппен күнделікті негізде белгіленеді:

1) **Қазақстан қор биржасының сауда-саттық жүргізілетін таңертеңгі (негізгі) сессиясында АҚШ доллары және басқа шетел валюталары үшін (АҚШ доллары)** – Ұлттық Банктің ресми бағамы өткен жұмыс күні үшін алматы уақытымен 11:00 сағаттағы жағдай бойынша ҚҚБ-ның таңертеңгі сессиясында қалыптасқан теңгенің шетел валюталарына орташа алынған биржалық бағамы есептеледі;

2) **Қазақстан қор биржасында сауда-саттық жүргізілмейтін шетел валюталары үшін** – Ұлттық Банктің ресми бағамы өткен жұмыс күнінде алматы уақытымен 15:00 сағатта қалыптасқан АҚШ долларына осы шетел валюталарының кросс-бағамы негізінде (“REUTERS” ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған сұраныс бағаларын белгілеуге сәйкес) есептелген теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы есептеледі

Ұлттық Банк телетайп, факс және e-mail арқылы барлық мүдделі пайдаланушыларға теңгенің шетел валюталарына ресми бағамы туралы ақпаратты ұсынады. Бұдан басқа, валюталардың барлық бағамы Ұлттық Банктің Интернет желісіндегі сайтына орналастырылады.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 2,41% болды (ақпанның аяғында – 2,69%). Теңгенің АҚШ долларына орташа алынған айырбас бағамы 2003 жылғы 3 айда 1 АҚШ доллары үшін 153,33 теңге болды. Айдың аяғында ресми бағам бір долларға 151,50 теңге деңгейінде белгіленді. Наурызда биржалық операциялар көлемі